

Облыстың дербес әкімшілік-аумақтық бірлік мәртебесін жоғалтқан елді мекендерін есепті деректерден шығару туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының XIX сессиясы мен облыс әкімінің бірлескен 1998 жылғы 30 қазандағы N 19/10-241 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1998 жылғы 15 желтоқсанда N 43 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011 жылғы 26 қыркүйектегі N 38/16 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011.09.26 N 38/16 Шешімімен

Дербес әкімшілік-аумақтық бірлік мәртебесін жоғалтуына байланысты және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Z934200_ 1993 жылғы 8 желтоқсандағы ном. 2572-ХІІ Заңына сәйкес облыстық мәслихаттың XIX сессиясы мен облыс әкімі шешім етті:

1. Облыс бойынша мына елді мекендер есепті деректерден шығарылсын:
 - Айыртау ауданындағы Украин селолық округінің Люботино селосы;
 - Ақжар ауданындағы Ұялы, Совхоз және Алқатерек селолық округтерінің Бұланбай, Жаңатілек және Қызылтаң селолары;
 - Булаев ауданындағы Успенка, Золотонива, Молодогвардейск, Писаревка және Лебяжье селолық округтерінің Успенка, Жданово, Молодая гвардия, Писаревка станциялары, Оңтүстік Урал теміржолының 2726 километр аялдама пункті, Ахметжан және Комсомол селолары;
 - Еңбекшілдер ауданындағы Уәлиханов, Краснофлот, Донской, және Еңбекшілдер селолық округтерінің Ворошилово, Достық, Қасқат және Жамбай с е л о л а р ы ;
 - Зеренді ауданындағы Пухальск селолық округінің Күлет селосы;
 - Қызылжар ауданындағы Бескөл және Светлопольск селолық округтерінің Ивановка және Крутое селолары;
 - Сергеев ауданындағы Кривощековка селолық округінің Известковое селосы ;
 - Совет ауданындағы Қиялы селолық округінің Шағалалы разъезі;
 - Тайынша ауданындағы Чкалов селолық округінің Алакөл селосы;
 - Уалиханов ауданындағы Қарасу және Чехов селолық округтерінің Аққайың, Дружба, Солнечное селолары;

- Щучье ауданындағы Абылайхан, Златополь және Қотыркөл селолық округтерінің Оразбұлақ, Щедринка селолары, Приозерный кардоны.

2. Аудандардың әкімдері аудандық мәслихаттармен бірлесе отырып өздерінің әкімшілік немесе аумақтық байланысы бар өмір сүріп тұрған елді мекендер мен поселениелердің реестрін және есебін "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Заң талаптарына

сәйкес келтірсін, деректерді белгіленген форма бойынша жоғары тұрған өкімет, статистика және жерге орналастыру органдарына бір ай ішінде енгізетін болсын.

3. Бірлескен шешімнің орындалуына бақылау облыстық мәслихат хатшысы Е.Ж. Әубәкіровке және облыс әкімі аппаратының басшысы П.И. Демчукке жүктелсін.

Облыстық мәслихаттың ХІХ
сессиясының төрағасы

Облыс әкімі